

«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

\_\_\_\_\_ М. Ерманова

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2025 ж.

## **Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар республикалық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (мемлекеттік, жеке меншік) мектепке дейінгі ұйымдар арасында мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындарының республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастырудың мақсаты мен міндеттерін айқындайды, оны өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** түрлі ұлттық ойындарға деген қызығушылықты ояту, сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасы мен дәстүрлеріне деген мақтанш сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

#### **1.4. Міндеттері:**

- ойындар мен жарыстар арқылы дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;
- балаларды ұлттық, қимылды, үстел үсті ойындарына қызықтыру, ол ойындардың күнделікті өмірде қолданылуына жағдай жасау;
- қазақ халқының салт-дәстүрлері мен тарихына сүйене отырып, балаларды дос болуға, мейірімділікке тәрбиелеу;
- ата-аналарды ұлттық ойындарға қатысуға тарту, педагогтердің, балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекетін ұйымдастыру;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, қазақ халқының ұмытылған ұлттық ойындарын зерделеуге ынталандыру;
- ойын барысында, жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

### **2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттары**

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық, қалалық білім бөлімдері, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық поштасын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең - аудандық, қалалық;

II кезең - облыстық;

III-республикалық деңгей.

2.4. Өңірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін білім басқармасы басшысының бұйрығымен аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде байқау комиссиясы құрылады (құрамы кемінде 7 адам).

2.6. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлер, білікті педагогтер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Байқау комиссиясының мүшелері келесі құқықтарға ие болады:

- жүлделі орындарға лайықты үміткерлер болмаған жағдайда орындар бермеу;

- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарастырмау;

- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау;

- Ережеде көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамау (2.9-тармақ).

2.8. Республикалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына қажетті материалдардың тізбесі:

1) Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) ортаңғы, ересек және мектепалды топтардан (сыныптардан) байқаудың I және II кезеңдеріне қатысушылардың санын көрсете отырып, II кезең қорытындысы бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының байқау комиссиясының **хаттамасы** (сканерленген көшірме);

4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау критерийлеріне сәйкес келетін **бейнематериал**.

2.9. Материалдар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар республикалық байқауының атауымен **2025 жылдың «14» наурызынан** кешіктірілмей [i-rrd2021@mail.ru](mailto:i-rrd2021@mail.ru) электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

### **3. Қатысушыларға қойылатын талаптар және байқау шарттары**

#### **3.1. Байқау:**

- ортаңғы топ (1 жеңімпаз команда);
- ересек топ (1 жеңімпаз команда);
- мектепалды топ (сынып) (1 жеңімпаз команда) балаларының немесе педагогтер мен ата-аналардың қатысуымен өткізіледі және мектепке дейінгі ұйым бірнеше командамен бір мезгілде түрлі ұлттық ойындарды ұйымдастыру арқылы қатыса алады.

3.2. Байқау жеңімпаздары әр жас тобы бойынша жеке және мектепке дейінгі ұйым командалары арасында жеке анықталады.

3.3. Байқауда асық ойындарымен ғана шектелмей, балалардың жастарына сәйкес бірнеше ұлттық ойындарды (аударыспақ, тоғыз құмалақ, теңге ілу, арқан тарту, бес тас және басқалар) ұйымдастыруға болады.

3.4. Байқау балалар үшін қауіпсіз және жайлы жағдайлар жасалған, сондай-ақ қазақ халқының тұрмыстық заттарымен безендірілген үй-жайда (топ, музыкалық және спорт залдары, ұлттық кабинеттер немесе орталықтар), таза ауада (балалар алаңы) өткізіледі.

3.5. Байқау жазылған бейнероликтер YouTube платформасына жүктеледі, сілтеме өтінімде орналастырылады.

3.6. Байқауға қатысушының өтінімі осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, Байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

#### **4. Бағалау критериилері**

4.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу деңгейі 5 балдық жүйесімен келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- педагогтің ұйымдастырушылық шеберлігі, балалардың ойын шарттарын түсінуі;
- ұлттық ойындардың қатысушылардың жасына сәйкестігі;
- көрнекі атрибуттарды, әртүрлі материалдарды және т. б. пайдалану;
- бейнероликті ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау, бейнесюжет пен дыбыстың сапасы;
- ойын өткізілетін орынның талаптарға сәйкестігі (орынның ұлттық нақышта безендірілуі, қауіпсіздік).

#### **5. Бейнематериалға қойылатын талаптар:**

- 5.1. Байқаудың бейнежазбасы келесі талаптарға сай болуы тиіс:
- түсірілім кәсіби, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай (ойынның басынан аяғына дейін) түсірілуі тиіс;
  - бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
  - әрбір файлдың көлемі 300 Мб артық емес;
  - бейнежазбаның басты бетінде қатысушылар (аты-жөні, жасы, мектепке дейінгі ұйымның атауы, ойынның атауы) және жауапты педагог туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) көрсетілуі керек;
  - бейнежазбаның ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс.

## **6. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау**

6.1. Байқау комиссиясы жеңімпаздарды келесі орындар бойынша анықтайды:

I орын;

II орын;

III орын.

Номинациялар:

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» (команда);

«Алтын сақа» (МДҰ);

«Үздік ұйымдастырылған ұлттық ойын» (команда);

«Белсенді ойыншылар» (команда);

«Тапқырлар мен ептілер» (МДҰ);

«Үздік ойын алаңы» (МДҰ).

6.2. Байқаудың жеңімпаздары дипломдармен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

6.3. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар республикалық байқауының қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институттың [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz) сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

**Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 57-46-52**

**«Ханталапай» ұлттық ойындар республикалық байқауына қатысуға  
өтінім**

\_\_\_\_\_ **облысынан**

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	
Қатысушылар туралы мәліметтер (тегі, аты, балалардың жасы)	
Қатысушылар саны	
Педагогтің аты-жөні және лауазымы	
Жауапты педагогтің байланыс телефоны	
Бейнематериал орналастырылған YouTube бейне платформасынан сілтеме	